

## **ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ – ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСҚАН ҒАЛЫМ-ПЕДАГОГ**

**Кнашина А.А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Кипшаков С.А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазақ халқының көрнекті перзенті Евней Арыстанұлы Бөкетов – ғылым мен білім саласында өшпес із қалдырған тұлға.

Химия ғылымдарының докторы, академик, жазушы, аудармашы және қоғам қайраткері ретінде кең танылған Бөкетовтың педагог ретіндегі еңбегі де ерекше назар аударуға лайық. Евней Арыстанұлы жоғары білім беру саласында да елеулі із қалдырған ғалым-педагог. Оның ғылыми жетістіктері мен ұйымдастырушылық жұмыстары Қазақстандағы жоғары мектептің кадрлық әлеуетін нығайтып, кәсіби педагогтерді даярлаудың негізін қалауға бағытталған еді. Аталмыш мақала оның педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қосқан үлесін жүйелі түрде баяндауға арналған.

1972 жылдары Қарағанды мемлекеттік университеті құрылып, ал Евней Арыстанұлы Бөкетов оның тұңғыш ректоры болып тағайындалғаны бәрімізге мәлім. Ол кісіні бұл университеттің ректоры ғана емес, әрі осы білім ошағының негізін қалаған тұлға деп те айтсақ артық емес, себебі қызмет еткен 1972–1980 жылдары аралығында университетті ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге күш салып, оқу орнының ғылыми-академиялық әлеуетін дамытуда үлкен рөл атқарған.

Көптеген ақпараттық көздерден Е.А.Бөкетовтың университет басшылығында болғанда университетке дарынды ғалымдарды тартып, кәсіби қабілеттілікті арттыруға бағытталған оқу және зерттеу үрдістерін нықтап ұйымдастырғаны жайында танысуға болады. Оның басшылығымен жаңа факультеттер ашылып, зертханалар мен ғылыми орталықтар құрылып, профессорлық-оқытушылар құрамы нығайтылған.

Қазақ және кеңес жазушысы, КСРО және Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, «Ебіней Бөкетов» атты деректі құмырнамалардың авторы Медеу Сәрсекенің «Onıtústik Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында Е.А.Бөкетовтың осы бағыттағы орасан еңбегі жақсы айтылып өткен: «Ебекеннің ұстаздар құрамын талғаммен жинаудағы, оған көбіне жас ғалымдарды тартудағы, ғылымның жаңа салаларын дамытудағы еңбегі ересен. Мысалы, университет ашылғанда 227 оқытушы, оның ішінде 59-ы ғана ғылым кандидаты, 2-еуі ғана профессор болса, жеті жылдан соң 700 оқытушы, оның үштен бірінен астамының ғылыми дәрежесі болды» [1].

Сонымен қатар, «Парасат» СҚМУ газетінде 2005 жылы жарық көрген мақаладан алынған мына үзіндіде де осыған айғақ: «Жаңа университеттің шаңырағын көтеріп, шаруашылығын қалыпқа келтіру қандай қиын болса, сан-салалы білім беретін оқытушы ғалым кадрлар жинау одан да күрделі міндет еді. Қажырлы ұйымдастырушы, жоғарғы мектептің қыры-сырын жақсы білетін басшы сол алғашқы бір-екі жылдың өзінде-ақ университетті аяғынан қаз тұрғызды» [2].

Евней Арыстанұлы Бөкетов тек университет басшысы ретінде ғана емес, сонымен қатар педагог-ғалым ретінде де педагогтердің кәсіби дамуына зор үлесін қосқан.

Евней Арыстанұлының пікірінше, нағыз ұстаз – тек білім көзі ғана емес, сонымен қатар, рухани тәрбиеші, бағыт беруші. Осы ұстанымды ұстанған ғалым-педагог Е.А.Бөкетов білім алушыны дайын ақпаратпен ғана емес, сұрақтар қою, пікірталас тудыру арқылы шығармашылыққа баулуға тырысты.

Евней Арыстанұлы өзі жұмыс істеген институт пен университетте ғылыми мектеп қалыптастырып, түсті металлургия, халькогендер технологиясы саласында айтарлықтай ғылыми жетістіктерге қол жеткізуінің арқасында институттар мен университеттерде кәсіби мамандардың сапалы даярлығына жол ашқан, оның бастамасымен ашылған зертханалар мен ғылыми бағыттар – педагогтердің, жас ғалымдардың кәсіби дамуына арналған негіз болған.

Профессор Бөкетов ондаған жас ғалымдарға ғылыми жетекшілік етіп, олардың ғылым жолындағы алғашқы қадамдарын бағыттады. Осылайша, Е.Бөкетов ғылыми жетекші ретіндегі қызметі арқылы көптеген жас ғалымдардың кәсіби дамуына жағдай жасады.

Небары 58 жылдық құмырының 30 жылдан астамын білім-ғылым, әдебиет, өнер, өнеркәсіп пен өндіріске арнап, 24 ғылым докторы мен 61 ғылым кандидатын дайындап шығарды. [3]

Шәкірттерімен бірлесіп дайындаған көптеген ғылыми еңбектері мен монографиялары жарық көрді. Бұл — оның шәкірттері мен әріптестерінің кәсіби деңгейінің жоғарылағанын дәлелдейтін маңызды көрсеткіш. Оның шәкірттері бүгінде Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарында қызмет атқарып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.

Бұл ретте, Евней Арыстанұлы Бөкетовтың шәкірттері жайында ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, «Халықаралық Сәтбаев қорының» қамқоршылар кеңесінің төрағасы, ҚР Журналистер одағының мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Нухұлы «Сарыарқа самалы» Павлодар облыстық газетіне берген сұхбатында жақсы баяндап өткен: «Ұстаз ұстаз емес өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт шәкірт емес өз ұстазын сүймесе», — деп заңғар жазушы, алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, Ебінейдің де жолын қуған талантты шәкірттері аз емес. Олар Ұлттық ғылым академиясының академиктері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанған Әбдуәлі Баешов пен Әбдірәсіл Жәрменов. Мемлекеттік сыйлықты екі мәрте алған Әбдірәсіл Жәрменов — ҚР өндіріс және құрылыс министрлігінің Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі Ұлттық орта-лығының бас директоры. Сонымен қатар, тағы бір шәкірті Сайлаубай Байсанов 1960 жылы Ебіней ағаның Қарағанды қаласында алғаш рет директор болып бастаған қызметі «Химия-металлургия институтында» орнын басып отыр. Химия ғылым-дарының докторы, профессор Болат Қасенов Ебіней ұстазының

ізін жалғастырып, осы институтта қызмет атқарып жатыр. Екінші Болат Ермағамбет ағамыз туралы жоғарыда толығырақ айттық. Осы химик-ғалымдардың ішінде Ебіней ағасына ұқсап, шығармашылық еңбектерімен көрініп жүрген, бірнеше кітап та жазған Әбдуәли Баешовті айтуымызға болады. Марқұм, академик Ғабдолла Құлқыбаевтың орны бөлек, шығармашыл шәкірті болды. Ол кісінің есімі өзі директор болған Қарағандыдағы «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Ұлттық орталығына» берілген. Бұған қарап, шәкірттерінің де қандай мықты азаматтар атанғандығының куәсі болдык». [3]

«Евней Арыстанұлы – қызметтес, пікірлес, ұстаз еді. Отанға қызмет етудің әдемі үлгісін көрсеткен жан болатын. Ұлы қайраткер, көрнекті тұлға ретінде де баршамызға қымбат. Сондықтан, оның өнегесі тек жадымызда ғана жаңғырып қоймайды, сонымен бірге, жеке және кәсіби жетілу жолында жігерлендіріп, жөн сілтеп, бағыт-бағдар беріп, әсіресе, жастар үшін адастырмас бағыт, бағдар деп білем. Қазақ ғылымының дара да дана білімпазының өткен жолы, бай мұрасы, асыл бейнесі уақыт өткен сайын әр қырынан танылып, шынайы талант иесі екенін көрсетіп келеді. Мен мұны академик Арыстанұлының екінші өмірінің өшпес белестері дер едім» [4]- деп жазған екен қызметтес шәкірті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректорларының бірі, заң ғылымдарының докторы, профессор Еркін Көбеев.

Бөкетовтың ғылыми мектебі — бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтпаған интеллектуалдық мұра.

Евней Арыстанұлының қазақ тілді жастарды білім берудегі ұлттық білімді дамытудың жолындағы зор еңбегіне де тоқталып өткеніміз жөн. Е.А. Бөкетов қазақ тіліндегі ғылыми терминологияны дамытуға, қазақ тілінде сапалы оқулықтар мен ғылыми еңбектердің жазылуына көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар, ол қазақ әдебиетін аудару, насихаттау істеріне де атсалысып, ғылым мен мәдениетті ұштастыру арқылы ұлттық білімнің дамуына үлес қосты.

Евней Арыстанұлының ғылыми еңбектерді, әдеби шығармаларды қазақ тіліне шебер аударып, екі тілді де еркін меңгерген жазушы, әдебиет зерттеушісі болғаны жайында ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, «Халықаралық Сәтбаев қорының» қамқоршылар кеңесінің төрағасы, ҚР Журналистер одағының мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Нухұлы: «Белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Зейнолла Қабдолов: «Ебінейді Ебіней еткен — көркем әдебиет», — деген екен. Расында да әдебиет зерттеушісі, театр сыншысы, көркемсөз шебері, екі тілде де еркін жазған жалғыз жазушы, ғалым әрі ректор ретінде Ебіней ағамыздың алар орны айрықша. Ол орыс әдебиетін, классиктерінің шығармаларын жетік білу арқылы өзінің де шығармашылық еңбектерін таныта білді. Мәселен, Ебіней Арыстанұлы Шекспирдің «Макбет» драмасына ана тілінде сценарий жазып, алғаш рет қазақ сахнасында көрсетті. Әлем классиктерінің шығармаларын зерделеп, олар туралы өзіндік пікір айта білген Е.Бөкетов ұлт мақтаньштары Абай, Шокан, Қаныш, Мұхтарларды сол биіктен дәріптеп, өз заманының шынайы суреткері атанды» [3] – деп «Сарыарқа самалы» Павлодар облыстық газетіне берген сұхбатында баяндайды.

Одан әрі сол сұхбаттың мақаласында Алтынбек Нухұлы: «Бүгінде қазақ халқының ұлы перзенттерінің ізін басқан Ебіней Бөкетов мәңгі өлмес тарихи тұлғаға айналды. Оның өз заманындағы газет-журналдардың бетінде жарық көрген мақала-очерктері, эссе-естеліктері мен сын рецензиялары жүздеп саналады. Екі тілді қатар меңгерген талантты жазушының эпистолярлық мұрасы телегей. Сол еңбектері арқылы болашақ ұрпақты білім-ғылым іздеуге, адамгершіліктің асыл қасиеттерін сіңіруге, руханият жанашыры болуға, ұлттық құндылықтарды бағалай білуге және туған еліне қалтқысыз қызмет етуге баулыды» [3] деп тоқталып өткен.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, Евней Арыстанұлы Бөкетов — тек ғылым адамы ғана емес, нағыз ағартушы педагог деп тұжырымдама жасағымыз келеді.

Бөкетов педагог ретінде өз шәкірттеріне тек білім беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар оларға ғылыми ізденістің, рухани даму мен талапшылықтың маңыздылығын дәріптеді. Ол: «Ұстаз болу – өзіңнің өміріңді өзгелердің өмірімен байланыстыру» деген пікір білдірген. Сонымен қатар студенттер мен жас ғалымдарға ғылым мен мәдениетті ұштастыратын жобаларға қатысуға мүмкіндік берді, бұл олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға септігін тигізді.

Евней Арыстанұлы шәкірттеріне білім берумен қатар, өмірлік бағыт-бағдар сілтеп, адамгершілік қасиеттерге баулыды. Оның педагогикалық қызметі – қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесі үшін үлгі боларлық тәжірибе.

Евней Арыстанұлы Бөкетов — педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту саласында маңызды рөл атқарған ғалым:

- Ғылыми жетекшілік арқылы шәкірттердің біліктілігін арттыра білді.
- Жоғары оқу орнын құрып, кәсіби кадрларды қалыптастыру үрдісін ұйымдастырды.
- Ғылыми мектеп пен зерттеу ортасын қалыптастырып, мамандарды даярлауды дамытты.
- Ұстаздық мораль мен рухани құндылықтарды үйлестіре отырып кәсіби ортаны тәрбиеледі.

Осының бәрі Евней Арыстанұлының кәсіби педагогика мен жоғары білім дамуы саласындағы рөлін айқындап көрсетеді.

Бөкетовтың рухани-ғылыми мұрасы – болашақ ұрпақ үшін баға жетпес қазына болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сәрсекке М. Нағыз біртуар Ебіней Бөкетов еді... / Сұхбатты жүргізген Өмірзақ А. // «*Óntústik Qazaqstan*». — 06.01.2023. — URL: <https://okg.kz/post?id=31164&slug=medeu-sarseke-zhazushy-nagyz-birtuar-ebinei-boketov-edi> (Қаралған күні: 25.08.2025).

2. Әшімов О. Евней Бөкетовтың ғылыми мұрасы // *El.kz*. — 2005. — URL: [https://el.kz/evney\\_b-ketovty\\_-ylymi\\_m-rasy\\_22821/?utm\\_source=chatgpt.com](https://el.kz/evney_b-ketovty_-ylymi_m-rasy_22821/?utm_source=chatgpt.com) (Қаралған күні: 25.08.2025).

3. Нухұлы А. Еңсегей бойлы Ебіней, озық ойлы Бөкетов / Сұхбатты жүргізген Шодыр Н. // «Сарыарқа самалы» Павлодар облыстық газетінің сайты. — 20.03.2025. — URL: <https://saryarka-samaly.kz/tarih/eңсегей-бойлы-ebinei-озық-ойлы-бөкетов/> (Қаралған күні: 26.08.2025).

4. Көбеев Е. Академик Арыстанұлы // *egemen.kz*. — 27.03.2015. — URL: [https://egemen.kz/article/40814-akademik-arystanuly?utm\\_source=chatgpt.com](https://egemen.kz/article/40814-akademik-arystanuly?utm_source=chatgpt.com).